

**Ресми рецензент Стамбекова Жазира Курманғалиевнаның
8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Ахметсапа Айгүл
Есенкелдықызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-
әрекетке даярлау» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі**

Р/п №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстанда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі – педагогтердің кәсібилігін арттыру. Бұл бағыт білім сапасын қамтамасыз етуде, педагогтердің құзыреттілігін дамытуда ерекше мәнге ие. Осыған орай Ахметсапа Айгүл Есенкелдықызының «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» атты диссертациясы келесі құжаттармен үйлеседі: «Білім туралы» ҚР Заңы (2007); «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңы (2019); Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарты (2025); Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2023).
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» келеді. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары» (2018), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына» (2025) сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы анықталған/анықталмаған.	А.І. Ахметсапаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» атты диссертациялық зерттеуі ғылымға елеулі үлесін қосады.

			Онда болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау әдістемелік жүйесін жетілдіреді. Қазіргі қоғам талаптарына сай бастауып сыныптарда кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру бойынша болашақ мамандарды даярлау бағытында оқытуды теориялық тұрғыда негіздеумен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдеген. Осыған орай болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесіне теориялық тұрғыда терең талдау жасалып, зерттеу жұмысының нәтижесінде тәжірибелік-эксперимент барысында дәлелденген, кезеңден даярлау әдістемесінің ұсынылуымен маңыздылығы жақсы анықталған. Зерттеу барысында ұсынылған болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін және оны қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері педагогика ғылымының дамуындағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Ізденуші бұл зерттеуді жүргізудің өзектілігін айқындап көрсете білген. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген түйіндер мен қорытындылар маңызды болып табылады.
3.	Озі жазу принципі	Озі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	А.Е. Ахметсәпаның зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары екендігін зерттеу проблемасына қатысты шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған талдауынан; өз ойын кестеге, суретке түсіріп тұжырымды ұсынуынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеуінен; ғалымдардың берген ойларына өз пікірін білдіруінен; жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысын рәсімдеуден; алынған практикалық нәтижелерді сипаттауынан да көруге болады, қойылған 4 зерттеу міндеттері толығымен шешімін тапқан, жұмыстың тараулары мен бөлімдері өзара логикалық байланысқан, дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген;	А.Е. Ахметсәпаның зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. Автордың аргументтері диссертациялық тақырыпты зерттеудің жоғары маңыздылығын көрсетеді.

3) негізделмеген.

Біріншіден, қазіргі талаптарға сай кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті сәтті жүзеге асыратын бастауып сынып мұғалімінің қоғамның объективті сұранысы мен оған жоғары оқу орнында студенттерді психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда даярлаудың жеткіліксіздігі; *екіншіден*, жоғары оқу орнында болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға даярлау қажеттілігі мен оны іске асырудың сәйкес әдістемелік жүйесінің болмауы арасындағы қарама-қайшылықтарды жоюға диссертацияның ғылыми және қолданбалы аспектілердегі өзектілігін **негіздейді**.

4.2 Диссертация мазмұны
диссертация тақырыбын
айқындайды

- 1) айқындайды;
- 2) жартылай айқындайды;
- 3) айқындамайды

Ізденушінің «Болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» атты диссертация тақырыбы 3 тарау 9 бөлімде диссертация мазмұнын толық көлемде **анықтайды**.

Зерттеу жұмысының 1-тарауында шетелдік және отандық зерттеулердегі «бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымы теориялық тұрғыдан талданып, мұғалімнің қазіргі білім беру үдерісіндегі ролін айқындауда «бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті», «бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетіне даярлау», ұғымдарына берілген авторлық анықтамасымен дәйектеледі. Болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың қазіргі жайы сипатталып, болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың ерекшеліктері мен ұстанымдары айқындалып, соған сәйкес әдіснамалық тұғырлары негізделген.

2-тарауда болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері және болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауда пайдаланылатын білім беру технологиялары анықталған. Болашақ бастауып сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері мен өлшемдері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған.

3-тарауда болашақ бастауып сынып мұғалімін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке

даярлау әдістемесі және оны жүзеге асыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс мазмұны және қорытынды нәтижелері сипатталған.

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:
1) сәйкес келеді;
2) жартылай сәйкес келеді;
3) сәйкес келмейді

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толықтай **сәйкес келеді**. Диссертант зерттеудің мақсатын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздемесін тұжырымдап, әдістемелік жүйесін жасау және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру, ғылыми тұжырымдалған ұсыныстар беру деп тұжырымдап, оған 4 міндет арқылы қол жеткізген. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды:

Зерттеу жұмысының 1-тарауында шетелдік және отандық ғылыми еңбектерге, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге жасалған жан-жақты контент-талдау негізінде «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәні мен құрылымы нақтыланады. Бұл зерттеудің бірінші міндетін орындауды қамтамасыз етеді.

Зерттеудің 2-міндетіне сәйкес, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктері айқындалады.

Зерттеудің 3-міндеті бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп, оны қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешен жасалды.

Зерттеудің 4-міндетіне сәйкес, әзірленген модель мен оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексеріліп, олардың болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық даярлауға ықпал ететіні дәлелденді. Бұл мәселе диссертацияның үшінші тарауында жан-жақты талданған.

Жұмыстың мақсаты және алдып ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеуің барлық кезеңдері реттілікпен орындалып, бірін бірі толықтырып отырады.

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:
1) толық байланысқан;
2) жартылай байланысқан;

Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан, ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылып мақсат пен міндеттерге сәйкес

		3) байланыс жоқ	келеді. Автор алған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері, оның құрылымдық-мазмұндық болмысын модельдеу, тәжірибелік-эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, бағаланған. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсат-міндеттері мен болжамына сәйкес әдіснамалық ұстанымдарды талдау өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант А.Е. Ахметсапаның зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидағтары толығымен жаңа. Бірінші нәтиже - толығымен жаңа. Диссертацияда заманауи құбылыстарды, нормативтік дереккөздерді, ғылыми әдебиеттерді, шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін конструктивті және мазмұнды талдау негізінде «болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымын нақтылап, авторлық анықтамасы ұсынылған. Екінші нәтиженің – толық жаңа. Жаңалығы болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мүмкіндіктері 1) бастауыптың теориялық негіздерінен жоғары білімінің болуы; 2) педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылықтың жалпы теориялық негіздерін білуі; 3) мектепте шығармашылық үдерісті ұйымдастыру мен жүзеге асырудың заманауи әдістемелері мен технологияларын игеруі; 4) кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жоспарлауды, жүзеге асыруды, бағалауды білу және тәжірибеде қолдана алу сияқты анықтауға талпыныс жасаған. Үшінші нәтиже – толығымен жаңа. Теориялық тұрғыда болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері және жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған, құрылымдық-мазмұндық моделін жасаған.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?

- 1) толығымен жаңа;
- 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);
- 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)

Төртінші нәтиже – толығымен жаңа.

Болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесі («Бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені, «Бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы және «Шығармашылық тапсырмалар жинағы») алғаш рет ұсынылған.

А.Е. Ахметсанапның диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелдігімен **толығымен жаңа** болып саналады.

Диссертацияның қорытындылары:

Бірінші қорытынды болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың теориялық негіздерін айқындаудағы білім беру саясатының қағидағтарына сәйкес қабылданған стратегиялардың даму бағыттарымен байланыста, психологиялық, педагогикалық және ғылыми-теориялық мәселелерге тұжырым жасау мен жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғалық, креативтілік, интегративтік, мәдениеттанушылық түғырлардың түзілуі толығымен жаңа болып табылады.

Екінші қорытынды бойынша білімнің бірізділік және жүйелілік логикасын сақтай отырып, зерттеу жұмысындағы негізгі категориялар болатын «Бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымдық-категориялық аппараты тиісті теориялық талдаулар арқылы құрылымын ұсынады, оларға мазмұндық сипаттама береді, негізгі қорытындыға орай «Бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» ұғымының мәнін «мақсаты бастауып білім беру үдерісін жетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасау болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез оңдеумен анықталатын, өзін-өзі

жетілдіруге әкелетін мұғалімнің іс-әрекетінің бір түрі» деп, ал «болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау - бұл оларда тұлғалық шығармашылықты дамытуға және бастауыш білім сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық жаңалықтар мен сәтті тәжірибелерді, заманауи технологияларды іздеумен және жүзеге асырумен байланысты білім мен дағдылардың барлық кешенін қалыптастырудың мақсатты үдеріс» деп нақтылауы толығымен жаңа болады.

Үшінші қорытынды ретінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерінің анықталуы толығымен жаңа болып табылады.

Автордың диссертациялық жұмысының төртінші қорытындысы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінің мазмұны, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары, компоненттері, көрсеткіштері мен өлшемдері, әдістері және жоғары, орта, төмен деңгейлерінің анықтауы, мотивациялық-тұлғалық, когнитивті-мазмұндық, операциялдық-технологиялық, рефлексиялық-бағалаушылық компоненттерден тұратын құрылымның түзіліп, эксперимент түрінде дәлелденуі толығымен жаңа болады.

Бесінші қорытынды болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың жүйесі жасалып, оқу құралы мен оқу-әдістемелік кешеннің дайындалып, тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізілуі, жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде тәжірибеден өткен «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені, «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы және «Шығармашылық тапсырмалар жиыны» түріндегі әдістемелік жүйе ретінде қолданылуы толығымен жаңа болып саналды.

5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа

Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және

		және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және опертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	А.Ахметсананың зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық – әдіснамалық ұстанымдармен философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Көрсетілген зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау психологиялық-педагогикалық епбектерде берілген теориялық анықтамаларға негізделген (1-тарау, 1.1, 1.2, 1.3 бөлімшелер, 2-тарау 2.1, 2.2 бөлімшелер).
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	Ор қағидағт бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидағт дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) намамен дәлелденді; 3) намамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	7.1 «Бастауып сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті - мақсаты бастауып білім беру процесін жетілдіруге бағытталған объективті жаңалық пен қоғамдық маңыздылыққа ие рухани және материалдық объектілерді жасау болатын, сананың кең өрісімен, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан көрсету мүмкіндіктерімен, басқару және өзін-өзі басқару қабілеттерімен, көлемді ақпаратты тез оңдеумен анықталатын, өзін-өзі жетілдіруге әкелетін мұғалімнің іс-әрекетінің бір түрі», «болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау - бұл оларда тұлғалық шығармашылықты дамытуға және бастауып білім сапасын арттыруға ықпал ететін педагогикалық жаңалықтар мен сәтті тәжірибелерді, заманауи технологияларды іздеумен және жүзеге асырумен байланысты білім мен дағдылардың барлық кешенін қалыптастырудың мақсатты үдерісі» деп тұжырымдауы да дәлелденіп негізделген. Дәл осы сияқты басқа да қағидағтар теориялар мен тұжырымдамаларға негізделіп, эксперимент арқылы дәлелденген. 7.2 Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық

		2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, құрылымдық-мазмұндық моделін жасағандығымен дәлелденген, бұл жұмыстың ұтымдылығын арттырады. 7.3.Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған жаңалықтар қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғанымен дәлелденеді. 7.4 Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, кәсіби-шығармашылық іс-әрекетті жүзеге асыру әдістемесін меңгерген, оны іске асыру жолдары туралы қажетті білім, білік, дағдылары қалыптасқан мұғалім даярлауда диссертация қағидағтарының қолдану деңгейі кең ауқымды. Осылайша болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау мәселесі кең ауқымды екені дәлелденген. 7.5 Диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа сай қажетті басылымдарда жарияланған, ғылыми қауымдастықтың пазарына салынып, тиісті журналдарда оның ішінде Scopus базасына енген ыстемелдік басылымдарда 1 мақала жарық көрген. 1.« The Effect of Primary School Teachers Using Online Education on Their Professional Creativity»// International Journal of Cognitive Research in Science, Engineering and Education (IJCRSEE). Vol. 12(1) - P. 19-29. DOI: 10.23947/2334-8496-2024-12-1-19-29 https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:001324540400001
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Зерттеу барысында басшылыққа жүйелік, іс-әрекеттік, құзыреттілік, тұлғалық, креативтілік, интегративтік, мәдениеттанушылық тұғырлары мен кәсіби-шығармашылыққа даярлау принциптері ғылыми тұрғыдан негізделген. А.Е. Ахметсана ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді оңдеу және	Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (алыс және жақын ыстемелдік, отандық психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді зерделеу); диссертациялық зерттеулерді таңдау, зерттеу материалдарын жинақтау,

интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	қорытындылау, салыстыру, нақтылау; практикалық әдістер: бақылау, авторлық сауалнама, А.А. Рсан мен В.А. Якуниннің, Н.І. Бадмаевтың модификациялары, Е.Е. Туниктің тұлғалық креативтілікті диагностикалау әдістемесі, Студенттердің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке әдістемелік даярлық деңгейін анықтауға арналған тапсырмалар, Т.Әлерстің «Табысқа жетуге қажеттілік» тесті, А.В. Карповтың «Рефлексивтіліктің даму деңгейін диагностикалау» әдістемесі, нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, тәжірибелік эксперимент жұмысын жүргізу, статистикалық, графикалық әдістерді қолданған. Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.
8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, зерттеудің әдіснамалық тұғырлары, болашақ бастауын сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдістемесі, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған, ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда, Қазақстан Республикасында және шетелде ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинақтарында жарияланып, ЖОО студенттеріне арналған 1 оқу құралы және 1 тапсырмалар жинағы жарық көрген. А.Ахметсапаның диссертациясындағы эксперименттік жұмысына Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (102) және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің (109) «Бастауып оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттер қатысты. Олардың 102-сі – бақылау тобы, 109-ы – эксперименттік топ.
8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / інінара расталған/ расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтеме берілген.
8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби	Докторант зерттеу жұмысы барысында 212 дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып

		шолуға /жеткіліксіз	жеткілікті	бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жаң-жақты әдби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ.		Диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу жұмысы деп айтуға негіз бар. Атап айтсақ: 1. «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті», «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» ұғымдары мен түсініктерінің анықтамалары нақтыланған. 2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың мүмкіндіктерінің анықталған. 3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған. 4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың әдістемелік жүйесі жасалды және болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлауға бағытталған «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені. «Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-құралы және «Шығармашылық тапсырмалар жинағы» сынақтап өткізіліп ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.		Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары . Себебі: - «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» таңдау курсының әзірленген оқу бағдарламасы тәжірибеге ендірілген; - «Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-шығармашылық іс-әрекеті» оқу-әдістемелік кешені дайындалып, тәжірибеден өткізілген; - зерттеу нәтижелерін педагог мамандар даярлайтын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының білім беру үдерісінде, сонымен қатар бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде де пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа:		Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған

		2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын, зерттеу барысында алынған нәтижелерді педагог мамандар даярлайтын жоғары және орта кәсіптік оқу орындарының білім беру үдерісінде, сонымен қатар бастауып сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесінде де қолдануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу санасы	Академиялық жазу санасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант академиялық жазу ерекшеліктеріне сәйкес, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын ресімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі түрғыда жазылған және академиялық жазу санасы жоғары .
11.	Диссертацияға ескертулер		Зерттеу өзектілігімен ерекшеленіп, болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлаудың негізгі аспектілерін жақсы ашылған. Студенттердің тұлғалық шығармашылығын дамытуға ықпал ететін жағдайлар қарастырылған, оларды жан-жақты сипаттау мысалдарын айқынырақ көрсету ұтымды болар еді. Алайда, бұл ескерту диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		А.Е. Ахметсаның диссертация мазмұнына сай жазылған мақалалары және жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған: SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда 1 мақала; Білім және ғылым саласындағы сананы қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 7 мақала, барлығы 13 мақала жариялаған.
13.	Қорытынды		Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, Айгүл Есенкелдықызы Ахметсаның 8D01301 – «Бастауып оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ бастауып сынып мұғалімдерін кәсіби-шығармашылық іс-әрекетке даярлау» тақырыбындағы дайындаған диссертациялық жұмысы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сананы қамтамасыз ету комитеті мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетін жұмыс. Сондықтан, Ахметсана Айгүл Есенкелдықызының 8D01301 – «Бастауып оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

PhD доктор,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

